

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 441 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 5134-08 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 190 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 07.07.2026 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меркі аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісімі бойынша) бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы" Меркі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №350 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4330 болып тіркелген) қаулысының;

"Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы" Меркі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 05 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Меркі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 152 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2586 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Амангелды Наметкулович Наметкуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Меркі ауданының әкімі

Ж. Баубеков

Меркі ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 441 қаулысына қосымша

№	Ауылдық округтер атауы	Орналасқан жері
1	"Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ақтоған ауылы, Қосбармақов көшесі № 26 мекен-жайдағы щит.
		Қазақдихан ауылы, Ниязбекұлы көшесі № 33 мекен-жайдағы щит.
2	"Меркі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жамбыл ауылы, Исмаилов көшесі № 146 мекен-жайдағы щит.
		Жамбыл ауылы, Исмаилов көшесі № 160 мекен-жайдағы щит.
		Жеміс Жидек ауылы, Құттыбекұлы көшесі № 25 мекен-жайдағы щит.
		Талдыбұлақ ауылы, Жамбыл көшесі № 5 мекен-жайдағы щит.
		Тұрлыбай батыр ауылы, Әсімов № 49 мекен-жайдағы щит.
3	"Меркі ауданы Меркі ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Меркі ауылы, Исмаилов көшесі № 167 мекен-жайдағы щит.
		Меркі ауылы, Исмаилов көшесі № 248 мекен-жайдағы щит.
		Меркі шипажайы, Шипажай көшесі № 6 мекен-жайдағы щит.
		Меркі ауылы, Сарымолдаев көшесі № 148 мекен-жайдағы щит.
4	"Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ойтал ауылы, Арайлы көшесі № 17 мекен-жайдағы щит.
		Меркі стансасы, Шокай көшесі № 30 мекен-жайдағы щит.
		Ойтал ауылы, Достық көшесі № 19 мекен-жайдағы щит.
		Мықанды ауылы, Мықанды көшесі № 1 мекен-жайдағы щит.
5	"Меркі ауданы Жанатоған ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қостоған ауылы, Тойлыбаев көшесі № 37 мекен-жайдағы щит.
		Мыңқазан ауылы, Әкімбеков көшесі № 30 мекен-жайдағы щит.
		Қызыл сай ауылы, Мустафаев көшесі № 22 мекен-жайдағы щит.
6	"Меркі ауданы Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кеңес ауылы, Тойшыманов көшесі № 40 мекен-жайдағы щит.
		Жауғаш батыр ауылы, Жауғаш батыр көшесі № 19 мекен-жайдағы щит.
		Андас батыр ауылы, Шотайұлы көшесі № 39 мекен-жайдағы щит.

7	"Меркі ауданы Андас батыр ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қызылқыстақ ауылы, Қарпық батыр көшесі № 38 мекен-жайдағы щит.
		Гранитогорск ауылы, Жеңіске 40 жыл көшесі № 1 мекен-жайдағы щит.
		Арал-қыстақ ауылы, Арал-қыстақ көшесі, № 49 А мекен-жайдағы щит.
8	"Меркі ауданы Сарымолдаев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сарымолдаев ауылы, Исмаилов көшесі № 390 мекен-жайдағы щит.
		Екпінді ауылы, Рысқұлов көшесі № 123а мекен-жайдағы щит.
		Ойтал ауылы Жауғаш батыр көшесі № 39 мекен-жайдағы щит.
9	"Меркі ауданы Тәтті ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тәтті ауылы, Мектеп көшесі № 3 мекен-жайдағы щит.
		Қарасу ауылы, Абай көшесі № 29 мекен-жайдағы щит.
		Беларық ауылы, Сарымолдаев көшесі № 6 мекен-жайдағы щит.
		Ақжол ауылы, Төленді көшесі № 20 мекен-жайдағы щит.
		Шемен разъезді, Шемен көшесі № 5 мекен-жайдағы щит.
10	"Меркі ауданы Сұрат ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тасөткел разъезді, Тасөткел көшесі №4 мекен-жайдағы щит.
		Сұрат ауылы, Шөкеұлы көшесі № 64 мекен-жайдағы щит.
		Тескентоған ауылы, Сыпатай көшесі № 21, мекен-жайдағы щит.
11	"Меркі ауданы Ақермен ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аққайнар ауылы, Рысқұлов көшесі № 39, мекен-жайдағы щит.
		Ақермен ауылы, Төле би көшесі № 27 мекен-жайдағы щит.
		Ақкөз - қайнар ауылы, Ақкөз - қайнар көшесі № 1/2 мекен-жайдағы щит.
12	"Меркі ауданы Ақарал ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Алтынарық ауылы, Қонаев № 10 мекен-жайдағы щит.
		Ақарал ауылы, Сейтімбет көшесі № 20 "А" мекен-жайдағы щит.
13	"Меркі ауданы Аспара ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сыпатай ауылы, Орталық көшесі № 54 мекен-жайдағы щит.
		Аспара ауылы, Аспара көшесі №1 мекен-жайдағы щит.
		Қайындысай ауылы, Шұғыла көшесі № 39 мекен-жайдағы щит.

14	"Меркі ауданы Рысқұлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Интернациональный ауылы, Талапты көшесі № 3 мекен-жайдағы щит.
		Рысқұлов ауылы, Көбейұлы көшесі № 35 мекен-жайдағы щит.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК